

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ «ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
«ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ АТЫНДАҒЫ
№6 ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №6
ИМЕНИ КОЖАБЕРГЕНА ЖЫРАУ»
КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ПЕТРОПАВЛОВСКА»
КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ»
ПРИКАЗ

150007, Петропавл қаласы, Горький к-сі 52 А

Тел.(факс): 8 (7152)70-59-41

E-mail: kzschoo16@sqa.gov.kz

2025 жылғы «05» қыркүйек №363/2

150007 г.Петропавловк, ул. Горького 52А

Тел.(факс): 8 (7152) 70-59-41

E-mail: kzschoo16@sqa.gov.kz

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы-іс қимыл туралы

Оқу жылында кез келген мерекеге байланысты, одан да басқа жағдайларға ата-аналардың мұғалімдерге сыйлықтар үшін ақшалай қаражат жинауға тыйым салынаты жөнінде хабарлайды.

Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес педагогтармен педагогикалық этика мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын қатаң сақтау қажеттігін еске сала отырып, қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу ретінде бағаланады.

Бұл әрекет Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексiнiң баптары бойынша жауаптылыққа әкеп соғады (676-бап жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі, 677-бап Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның, не оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы). Қызметтік міндеттерін орындағаны үшін сыйлықтарға кез келген нысанда тыйым салынады. Егер сыйлықтың құны 2 АЕК-тен (6900 теңге) төмен болса, беруші үшін 200 АЕК (690,0 мың теңге) мөлшерінде әкімшілік айыппұл қарастырылған. Алушы үшін - 600 АЕК (2,07 млн.теңге). Көрсетілген сомадан жоғары бәрі пара ретінде қарастырылады және қылмыстық жауапкершілікті қарастырады.

Сондай-ақ, білім беру мекемелерінің басшыларына сыныптарды жөндеуге, құрал-саймандар мен құрылыс материалдарын сатып алуға ата-аналардан қаражат жинау фактілерін болдырмау қажет. Қолданыстағы заңнаманы сақтамағаны үшін бірінші басшы дербес жауапты болады

Мектеп директоры



А.Ж.Ескалиева